

Андронорм Альфа.

ТАҒАМҒА БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚОСПАНЫ ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҮСҚАУЛЫҚ

1 сашенің құрамы:

Белсенді заттар	мг-дағы саны	ТТҰД*- нен %	ТБД**-нен %
Мио-инозитол	1000 мг		200***
D, L - Токоферол ацетаты	66 мг		440***
L-Карнитин	53,1 мг		17
L-Аргинин	30 мг		
Фолий қышқылы	0,25 мг	125***	
Натрий селениті	0,13 мг		
Қосалқы заттектер: сахароза (тәттілендіргіш), лимон қышқылы (қышқылданлырғыш), тропикалық хош иістендіргіштер: сахароза май қышқылының күрделі эфирі (эмульгатор), кремний диоксиді (тығыздалуға қарсы агент), бета-каротин 1% (бояғыш), аспартам (тәттілендіргіш), ацесульфам К (тәттілендіргіш).			

* КО ТР 022/2011 Кеден одағының Техникалық регламенті» «Тамақ өнімі оны таңбалау бөлігінде», 2-қосымша - тұтынудың тәуліктік ұсынылатын деңгейі және ** БСЭГТ, 5-қосымша - тұтынудың барабар деңгейінен аспайды.

*** БСЭГТ, 5-қосымша - жоғарғы рұқсат етілген деңгейден аспайды.

СИПАТТАМАСЫ:

АНДРОНОРМ АЛЬФА - құрамында мио-инозитол, Е дәрумені, L-карнитин, L-аргинин, фолий қышқылы және селен бар биологиялық белсенді қоспа. Ерлердің метаболикалық және гормондық жағдайын жақсарту үшін маңызды дәрумендердің, микроэлементтердің және амин қышқылдары теңгерімді кешені.

Мио-инозитол — сперматозоидтердің сапасын қолдауда маңызды рөл атқарады. Ол олардың дұрыс жетілуіне ықпал етеді, қозғалысын (қозғалғыштығын) және жылдамдығын жақсартады, сондай-ақ сперматозоидтерді энергиямен қамтамасыз ететін жасушалардың қызметін қалыпқа келтіреді. Бұл сперма сапасы төмендеген жағдайларда ерекше маңызды. Сонымен қатар, мио-инозитол шәует сұйықтығының құрамын оңтайландырып, сперматозоидтердің жатыр түтікшелеріне қарай тиімді қозғалуына және аналық жасушаға жетуіне көмектеседі.

D,L-токоферол ацетаты (Е дәрумені) — қуатты антиоксидант, сперматозоидтерді тотығу стрессінен қорғайды және олардың қозғалғыштығын арттырады. Сонымен қатар, қан айналымын жақсартып, тестостерон деңгейінің жоғарылауына ықпал етеді, бұл жыныстық жүйенің қалыпты қызметін қолдау үшін маңызды.

L-карнитин фумараты — жасушалардың энергетикалық алмасуына қатысады және сперматозоидтердің қозғалғыштығын жақсартады. Ол сперматозоидтердің жетілуі мен қозғалысына тікелей әсер етіп, олардың белсенділігін арттырады және ұрықтану мүмкіндігін көбейтеді. Сонымен қатар, L-карнитин сперматозоидтер санын арттыруға ықпал етіп, зиянды бос радикалдардың (активті оттегі түрлері) жиналуын азайтады.

L-аргинин — аминқышқылы, репродуктивті ағзалар аймағындағы қан айналымын жақсартады және жыныс жасушаларының қалыпты қызметін қолдайды.

Фолий қышқылы — антиоксиданттық әсерге ие, жасушадан уытты ацетил-КоА-ны шығару арқылы және сперматозоидтердің жасуша мембранасын активті оттегі түрлерінің әсерінен қорғау арқылы әсер етеді. Бұл бос радикалдардың шамадан тыс түзілуі ерлердегі патоспермияның маңызды патогенетикалық факторы болып табылады.

Натрий селениті — маңызды антиоксидант, сперматозоидтердің белсенділігін қолдайды. Ол сперматогенездің қалыпқа келуіне, иммундық жүйенің жұмыс істеуіне, қалқанша безінің қызметін реттеуге қатысады, сперматозоидтердің қозғалғыштығын жақсартады және олардың ДНҚ-сын тотығу стрессінен қорғайды.

ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ:

- Репродуктивтік функцияны қолдау.
- Сперманың сапасы мен мөлшерін жақсарту.
- Гормоналдық және метаболикалық теңгерімсіздік жағдайында қолдау көрсету (артық салмақ, тіндердің инсулинге сезімталдығының төмендеуі, май алмасуының бұзылуы).
- Сперманы жасанды ұрықтандыру және мұздату процедураларына дайындауға ықпал етеді.
- Сперматозоидтердің қозғалғыштығын жақсартады.

ҚОЛДАНУ ТӘСІЛІ:

Ересектерге тамақтану кезінде 1 сашені бір стақан суға (200-250 мл) ерітіп, тәулігіне 1 рет қабылдау қажет. Қабылдау ұзақтығы: 4-6 апта. Ұзақ уақыт қолдануға жол беріледі (3 айға дейін).

100 г-ға ТАҒАМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ:

Ақуыздар - 1 г.

Майлар – 2,28 г.

Көмірсулар – 96,53 г.

Энергетикалық құндылығы: 406,64 ккал/ 1702,8 кДж.

ҚАРСЫ КӨРСЕТІЛІМДЕР:

- Андронорм Альфа компоненттеріне жеке төзбеушілік болған жағдайда.
- 18 жасқа дейін қабылдауға болмайды.

ЕРЕКШЕ НҰСҚАУЛАР:

Ұсынылатын тәуліктік дозадан асырмау қажет. Өртүрлі үйлестірілген тағамды алмастыру ретінде қолдануға болмайды.

САТУ ШАРТТАРЫ:

Дәріхана желісі және мамандандырылған дүкендер, сауда желісінің бөлімдері арқылы.

САҚТАУ ШАРТТАРЫ:

Бөлме температурасында құрғақ жерде, түпнұсқалық қаптамада сақтау қажет. Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз!

ШЫҒАРЫЛЫМ НЫСАНЫ ЖӘНЕ ҚАПТАМАСЫ:

30 пакеттен медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге литографталған картон қорапшаға салынады

ЖАРАМДЫЛЫҚ МЕРЗІМІ: 24 ай. Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Өндіруші:

Via Casilina Sud 69/e 03013
Ferentino (Fr) Италия

Сауда маркасының иесі:

VEGAPHARM LLP,
Unit 18, 53 Norman Road, Greenwich Centre Business Park,
Лондон, Ұлыбритания, SE10 9QF

**Тұтынушылардан шағым қабылдауға уәкілетті ұйым,
сондай-ақ МТК ұстаушысы**

«Cepheus Medical» ЖШС (Цефей Медикал),
ҚР, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы 7,
«Нұрлы Тау» ТК, 5А блогы, 247-кеңсе
тел: +7 (727) 978 69 71, e-mail: cepheusmedical@gmail.com